



БҰЙРЫҚ

23.01.2026 ж.
Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ 2-02/41
город Павлодар

**9-сынып оқушыларының
қорытынды аттестаттауын өткізуге
дайындық туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №125 бұйрығына сәйкес, сондай-ақ, 9-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауын ұйымдасқан түрде өткізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөлімі (Н. Ш. Азанбаева), Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы (Б. Т. Аушахманова):

- 2025-2026 оқу жылында 9-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын (1-қосымша) әзірлесін;

- 9-сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауына емтихан материалдарын әзірлеу және сараптау жөніндегі облыстық комиссияларын (2,3-қосымшалар) құрсын.

2. Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы, білім беру бөлімдерінің басшылары, қалалық және аудандық әдістемелік кабинеттердің меңгерушілері, білім беру ұйымдарының басшылары оқушылар, педагогтер мен ата-аналар арасында 9-сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау мәселелері бойынша кең ауқымды ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізісін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшысы орынбасарының м.а., мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру бөлімінің басшысы Н. Азанбаеваға жүктелсін.

Басқарма басшысы

А. Абенова

Бұйрықпен таныстырылды: